

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

日夜不休人世间 Бір күндамылеткіз бес
一念生后一念生 Ой артынан ой қуар
纵乘清风难追见 Желгемін сең жеткіз бес.

Абайдың осы өлеңімен мазмұндас Қытай Миң дәуіріндегі ақыны Чан Қы Тан (钱鹤滩) өлеңі бар. 《明日歌》 “明日复明日，明日何其多，我生待明日，万事成蹉跎。世人苦被明日累，春去秋来老将至。朝看水东流，暮看日西坠。百年明日能几何？请君听我明日歌！” Бұл екі өлеңді салыстырсақ, мазмұны жағынан Абайдың өлеңі тереңдете, түбіне жеткізе жазылған. Ал көне Қытай поэзия тіліне аударғаннан кейін, өлең одан әрі мазмұнынаша түсті, әрі көркемдік сипаты танылды.

如果没有坚定的信念 Жүректе қайрат болмаса
如何唤醒沉睡的灵魂 Ұйықтаған ойды кім түртпек
智慧之光若不驻留心间 Ақылғас әулеконбаса,
岂不如畜生般晃过人生? Хайуанша жүріп күнелтпек.

Абай өлеңдері - өте бағалы құндылық, оның шығармашылығын бүкіл халық білуге тиіс. Абай ақынның рөлеңінде терең мазмұн, бай мағына жатыр. Ендеше, Абай өлеңдерін Қытайдың Көне поэзия тіліне аудару кезек күттірмейтін мәселе. Аудару кезінде аса сақтықпен, жауапкершілікпен қарау керек. Ақынның сөз қолдану шеберлігін, өлеңдерінің терең мазмұнын сақтай отырып аудару, оңай шаруа емес. Алайда, бұл аударманы әдебиетіміздің алдындағы үлкен міндет деп білеміз. Егер ақын поэзиясын көне Қытай поэзия тіліне аударсақ, Қытай халқы қазақ ақынын танып, оның өлеңдерін мойындар еді, әрі түрлі оқулықтарға енгізу мүмкіндігіне ие болар еді. Абай поэзиясын әлемге таныту - үлкен мақсат, қазақтың ортақ арманы болып есептеледі. Абай мұрасы ешқашан да өшпек емес.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әденбиеттану. Терминдер сөздігі. Құраст. рушы: З. Ахметов, Т. Шаңбай.- Семей, Новосибирск, 2006ж
2. <http://www.zhuhu.com> [Қытай тылынен Қазақ тіліне аударылған]
3. <http://www.qazaq-alemi.kz>
4. “Уикипедия” ғаламтор желісі материалдар

ӘОЖ 8284 (510)(574)

ШЫҒЫСТЫҢ ҰЛЫ ОЙШЫЛДАРЫ КОНФУЦИЙ МЕН АБАЙДЫҢ «ЛУНЫЮЙ» ЖӘНЕ «ҚАРА СӨЗДЕРІНДЕГІ» ТӘРБИЕЛІК ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ӨЗАРА САБАҚТАСТЫҒЫ

Қырықбаева Инабат Төлегенқызы

inabat_kyrykbayeva@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Шетел филологиясы қытай тілі мамандығының
студенті Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Дүйсек Түлек

Қытай философиясы дегенде ең алдымен шығыс ғұламасы, қытай ақылманы және әлеуметтік пәлсапашысы Конфуций еске түсетін болса, Қазақ философиясын, әдебиетін, жалпы қазақ мәдениетін ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлынсыз елестету мүмкін емес. Қазақтар Абайды білмек - парыз, Абайды оқу, Абайды тану – қазақ үшін мәңгілік міндет дейтін болса, Конфуций қытай халқы үшін қытай мәдениетінің екінші бір қайнар бұлағы

саналады. Бүгінде қытай және Конфуций, қазақ және Абай бірінен-бірі ажырамас түсініктерге айналды.

Конфуций саналы ғұмырында төрт нәрседен қашық болуға тырысқан және басқаларды да төмендегі қасиеттерден аулақ болуға шақырған:

1. Бекерге қиялдаудан;
2. Үзілді – кесілді пікір айтудан;
3. Қырсық, бірбеткей болудан;

4. Тәкаппарлықтан, менменсуден бойын алшақ ұстап, өзін барынша қарапайым ұстауды қадағалаған.

Ал, Абай болса өзінің “Ғылым таппай мақтанба” атты өлеңі арқылы жұртты бес нәрседен қашық болуға шақырады, осы бес нәрсені адамзаттың бес дұшпаны деген:

1. Өсек (бос сөзге еру);
2. Өтірік;
3. Мақтаншақтық;
4. Еріншектік;
5. Бекерге мал шашпақ (асқан ысырапшылдық).

Бұлар адам бойындағы жағымсыз, жаман қасиеттер. Екі ғұлама да адамзатты осы кесепаттардан сақтандырмақ болған. Осы қасиеттерден аулақ болуға шақырған.

Конфуций философиясының да, Абай философиясының да барлық негізгі мәселелері, қозғаған тақырыптары адам мен адамгершілік, адам бойындағы жаман–жақсы қасиеттер және қоғам төңірегінде болған, яғни элеуметтік пәлсапашылар деуге толық негіз бар.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағаз бетіне түсірген жоқ, бірақ оның айтқан ой-тұжырымдарын шәкірттері “Әңгімелер мен пайымдар”(“论语”) атты еңбегінде жан-жақты баяндайды. Кітаптағы әрбір қағида, ой толғаулары «Ұстаз былай деген екен» деп басталады. Бұл баға жетпес құнды еңбек Ұлы дананың ілімінен мағлұмат беретін жалғыз жазбаша дерек болып табылады. Өзі өмір сүрген ортаны өткір сынға алып, бол «қайырымды адамның» (цзюнь цзы) идеалын жасады. Жан–жақты толысқан, адамгершілік қасиеттері мол «жетілген адамның бойында» негізінен екі қасиет болуы қажет, олар: адамгершілік пен парыз сезімі. Ол былай дейді: «Мемлекетті басқаратын адам – халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт». Нағыз «цзюнь цзы» болу үшін тек қана адамгершілік қасиет жеткіліксіз. Ол үшін тағы да басты қасиет – парыз сезімі керек. Парыз – бұл моральдық міндет болып саналады. Парызды сезіне білудің өзі білім мен жоғары принципке, жалпы алғанда, адам бойындағы ізгі қасиеттерге тікелей байланысты болып келеді. Осы орайда Конфуций «Қайырымды ердің» бейнесін жасайды [1].

Абай адамның деңгейін иманмен өлшеген. Қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» дей келе, «толық адам» бейнесін жасаған. Толық адам ие болуға тиісті ізгі қасиеттерді жоғарыда мысалға келтірген «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде тізіп көрсеткен.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек [2,119], - дейді. Абай қиялындағы толық адам әділ, білімді де парасатты, адал да еңбекқор, жылы жүректі, ыстық қайратты және ең бастысы иманды болуы керек. Осыдан біз Абай дүниетанымына Қытай философиясының, ең алдымен Конфуций философиясының үлкен әсері болғанын анық байқай аламыз. Конфуцийдің пайымы бойынша, адам жас кезінде құмарлықтан, ақыл тоқтатар шақта ұрыс –керістен, қартайған кезінде сараңдылықтан аулақ болғаны жөн. Конфуцийдің бұл ойы Абайдың 38 - сөзінде жалғасын тапқандай:

«Енді зинһар ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һаммасы босанады. Аллаяр софының бір фәрдәдән жүз фәрде бижай дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы тағриф бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдіретті еді. Сен де бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһатің шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық инсаниятың бар болады. Белгілі жәуанмәртлік

үш хаслат бірлән болар деген, сиддик, кәрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддик ғадаләт болар, кәрәм шафағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында алла табарака уатағала тәхмин бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ» [2, 91].

Осы қара сөзінен түсінеріміз шындық дегеніміз – әділеттілік, ізгіліктің екінші бір атауы – қайырымдылық, ал даналық болса ғылымның бір түрі екендігін түсінеміз. Абай бұл қасиеттердің барлық адамның бойында бар екендігін айтады. Бірақ төмен дәрежеде, сондықтан әрбір адамның парызы осы қасиеттерді жетілдіру керек және осы қасиеттерді тек қана игі істерге жұмсау керектігін айтады.

Конфуций философиясында цзюнь–цзымен қатар “сяо – жэнь” (“кішкентай адам” надан адам деген мағынада) мәселесін қатар көтереді. “жақсы адам өзінің міндеті, борышы туралы ойласа, жаман адам өзіне келіп түсер пайданы ойлайды”.

Конфуцийдің бұл пайымы Абай философиясында пенде мәселесі арқылы сабақтастық тапты. Көптеген қара сөздерінде пендеге тән жаман қасиеттер, соның ішінде надандық, паракорлық, арамдық, асқан өзімшілдік және тағы да сол сияқты теріс қасиеттер жайлы жиіркенішпен айтады.

...Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрселерменен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық [2, 416.] деп ой қорытады.

Конфуцийдің адамгершілікті жоғары бағалайтыны оның мынадай келесі сөздерінен аңғарылады: «Адам үшін адамгершілік от пен судан да маңызды нәрсе». Осыған орай, Конфуцийдің пікірінше, адамгершілікке ұмтылудың өзі игілік саналады: «Адамгершілікке қарай ұмтылудың өзі жамандықтан құтқарады». Конфуцийдің айтуынша, адамгершіл адам басқа адамдарға қатысты дұрыс, объективті көзқараста болады: «Адамгершілігі бар адам ғана басқа адамдарды жақсы көріп, олардан жиіркене алады». Адамгершілік, Конфуцийдің түсінігінде — “басқаға өзіне тілемейтін нәрсені жасамайтын...” өмір салты. Бұл формула «Лунь юйде» жиі айтылады және оны «Ли цзиде» де кездестіреміз. Конфуцийдің пікірінше, адамгершілік мүліктік шектеуге тәуелді емес: бай да, кедей де адамгершілікті болуы мүмкін. Мысалы, Конфуцийдің ең сүйікті, ерте қайтыс болған Янь деген шәкіртінің тұрмысы өте нашар болған, бірақ оның этикалық қасиеттері өзгермеген екен. «Ұстазы былай депті: – Қараңдаршы, Янь қандай абзал адам! Ол тар көшеде тұрады, күнде бір аяқ күрішті, бір кесе суды қанағат тұтады. Басқалары қиындыққа төзбейді. Янь алған бетінен қайтпайтын дұрыс адам». Конфуцийдің пікірінше оның адамгершілігі де мол: «Ұстаз былай деген: – Янь жүрегінде адамгершілігін үш ай сақтап жүретін, басқалардың жүрегінде ол бір күн, не бір ай ғана болады». Бұл адамгершілік адамның жүрегіне сырттан келмейді, оны адамның өзі тауып, өзі жоғалтады дегенді білдіреді. Конфуций бұл туралы ашық айтқан: «Адамгершілікті болу басқаға емес, адамның өзіне байланысты». Демек, Конфуцийдің ілімі бойынша, адамның өзі адамгершіліктің субъектісі болғандықтан, (Аспанның) алдында оның сақталуына жауап береді [3].

Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінің көбінде қоғамдық ой-пікірлері ашық жазылған. Мысалы, өзінің жиырма екінші сөзінде ол: «...Болыс пен биді құрметтейін десең, Құдайдың өзі берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пен биліктің ешбір қасиеті жоқ. Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсылыққа мықты кісі елде жоқ» – деген болса, Конфуций: «Ор- тасын шамалайтын адамдарды таба алмадым, сондықтан өз дегенін істейтін немесе сақтықпен қарайтын адамдармен жарасуға мәжбүрмін. Өз дегенімен жүретін кез келген іске кіріседі, сақшыл жағымсыздықты айналып өтеді», – деп айтқан екен [4, 79].

Конфуцийдің айтқан пікірлері, ойлары және пайымдарынан, қазақтың ұлы ойшылы Абайдың рухани мұрасымен үндестік, сабақтастығын байқауға болады. Себебі, жалпыадамзаттық рухани құндылықтар ортақ, әдебиет, өнер, жалпы мәдениет үшін ұлттық, мемлекеттік шекаралар кедергі бола алмасы белгілі. Демек, Қытай халқының кемеңгері Конфуцийдің рухани мұрасы қазақ халқына да жат емес.

Екі ғұламаның да негізгі мақсаттары – кісілік қасиетті сақтау, үлкендерді сыйлау, кішіге құрметпен, қамқорлықпен қарау, жаманнан жирену, жақсыдан үйрену, әділ де адал болу, ақылдылықты, мейірімділік пен ізгілік сияқты қасиеттерді ұстана отырып, ұлттың өзіне тән ерекшелігін сақтап қалу.

Қорытындылайтын болсақ, екі кемеңгер әртүрлі дәуірде, әртүрлі мемлекетте өмір сүрсе де, өмірге деген көзқарастары ұқсас. Конфуций мен Абайдың өмірге деген көзқарастары неліктен ұқсас, үндес деген сұрақ туындайтын болса, оның жауабын табиғи заңдылықтармен түсіндіруге болады. Себебі өмірдің ағымы бір, философия да бір заңдылыққа бағынады. Конфуцийдің даналық ойы ғасырлар өткеннен кейін Абайдың даналығында жалғасын тауып, қазақ халқына рухани азық болғандай-ақ, Конфуцийдің дана өсиеттері қытай халқын әлі күнге деген рухани жетелеп келеді. Конфуций ұлықтаған “қайырымды адам”, Абай көксеген “толық адам” болуға әрбір адам талпыну керек. Ұлы бабаларымызды зерттеп, оқып, оқығанымызды өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу негізгі міндетіміз болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уикипедия сайты
2. Абай. Қарасөз. Поэмалар.- Алматы, 1993.
3. Ж. Молдабеков, Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы: Жазушы баспасы, 2005.
4. Конфуций. Даналық сабақтары: шығармалар. Экомо –Пресс баспасы, 1999.

УДК 75.017.4(510)

ЗНАЧЕНИЕ ЦВЕТОВЫХ ГАММ В КУЛЬТУРЕ КИТАЯ

Лян Цунльи

miss.lily97@inbox.ru

Студентка 1 курса специальности «Иностранная филология: китайский язык» 5В021000
ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель: Аксёнова И.Н.

С древних времен китайцы искали скрытые глубинные смыслы буквально во всем сущем. В различных слоях китайского общества до сих пор живут некоторые малоизвестные культурные предрассудки о цвете, которые время от времени напоминают о себе.

Начиная с династии Цинь, цвет постепенно приобретает декоративную функцию.

Как гласит китайская мудрость - каждая цветовая гамма имеет свой смысл и свои магические силы. Каждый цвет наделен своей философской символикой, которая порой может сыграть с вами плохую шутку, если относиться к использованию цвета с недостаточным вниманием. В данной статье я расскажу об особенностях восприятия различных цветов радуги современным китайским обществом, а также постараюсь объяснить происхождение культурных отличий.

Самый первый цвет, который мы рассмотрим - красный. У большинства иностранцев красный цвет ассоциируется с традиционной китайской культурой, и, в целом, это верно. В древнем Китае считалось, что красный цвет — это цвет огня. В отличие от многих других стран, где огонь с давних пор символизировал опасность и уничтожение, в Китае эта стихия, как правило, считалась хорошей. Недаром существует китайская народная поговорка: 红红火火 (hónghónghuǒhuǒ, буквально «красный, красный, огонь, огонь»), которая означает, что жизнь кого-либо идет в гору, бьет ключом, сверкает как красные языки пламени. Красный цвет приобретал эти характеристики в течение тысячелетий, и сегодня считается символом процветания и счастья. Важно отметить, что красный — это также основной цвет для торжеств, особенно празднования Лунного Нового Года и свадебных церемоний.